

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Л.Н.Гумилёва и Казахского Национального университета им. Аль-Фараби посетить 3 города Китая (Пекин, Шанхай, Циньдао). Финансирование шло со стороны Китайской Народной Республики. Данное мероприятие свидетельствует не только о дружеских отношениях между двумя странами-соседями, но и о практическом выполнении поставленных планов и задач по межгосударственному образовательному сотрудничеству.

В Республике Казахстан так же как и во многих странах распространяется мировой проект Китая – создание институтов Конфуция, которые способствуют изучению китайского языка и культуры почти в 50 странах. Руководство КНР ставят целью «моральную притягательность» экономических и политических решений китайской дипломатии, особенно в странах третьего мира. В рамках «мягкого взаимодействия» фактически происходит расширение культурного влияния КНР в мире. Другими словами, в рамках китайской национальной политики «мягкой силы» на сегодняшний день китайский язык, как элемент культуры способствует формированию у людей «своеобразного образа Китая», характеризующегося динамичным ростом, древними традициями и гармонией.

Таким образом, взаимоотношения между КНР и РК – это мост, который соединяет и открывает далекие перспективы развития двусторонних отношений и углубления взаимовыгодного сотрудничества.

Причинами решения выучить этот красочный язык с многовековой историей являются востребованность специалистов со знанием китайского языка на рынке труда, усиление позиций Китая на мировой экономической арене, повышение собственной конкурентоспособности.

Язык - это «механизм» мышления и средство коммуникации с помощью которого осуществляется вся программа взаимоотношений во всех сферах деятельности. Постигая язык китайского народа, можно научиться понимать все многообразие азиатских традиций.

В заключении, в условиях динамичного сотрудничества Казахстана и Китая ясно выражена невероятная перспективность китайского языка. И необходимо воспользоваться всеми предоставляемыми возможностями, которых, действительно, в реальности очень много, стоит только захотеть.

Список использованных источников:

1. Сыроежкин, К. Казахстан и интересы Китая в ЦА / К. Сыроежкин [Электронный ресурс] // Информационно-аналитический центр «Изучение общественно-политических процессов на постсоветском пространстве».
2. Парамонов, В. Экономическое присутствие Китая в Казахстане / В. Парамонов, А. Строков, О. Столповский [Электронный ресурс] // Время Востока — Центральная Азия, Средний Восток, Дальний Восток.
3. Изимов Р. «Торгово-экономические аспекты сотрудничества Казахстана и СУАР КНР» 2010. Сетевой ресурс.

ӘОЖ 81'36:811.581

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ ҚОС МІНДЕТТІ СӨЗДІ СӨЙЛЕМ ҚҰРЫЛЫМЫ

Дүйсек Түлек

t.dusek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті филология факультеті
Қытай филологиясы кафедрасының оқытушысы

Қос міндетті сөзді сөз тіркесі баяндауыш болып келетін сөйлем қос міндетті сөйлем деп аталады. Қос міндетті сөзді сөйлемнің ерекшелігі: қос міндетті сөйлемнің бірінші етістігінің көбі бұйыру, талап ету, ұнату мағынасындағы етістіктер болады. Кейбір қос міндетті ерекше сөйлемдердің бірінші етістігі“有, 是, 没 немесе 没有,”болып келеді. Мұндай етістіктерде бұйыру мағынасы, екінші етістікпен себеп-салдарлық байланысы болмайды. Сондықтан мұндай қос міндетті сөйлемді қос міндетті ерекше сөйлем деп айтады. Көп етістікті сөз тіркесі мен қос міндетті сөзді сөз тіркесі араласып келіп, өте күрделі сөйлем формасын қалыптастырады. Мұндай сөйлем көп етістікті әрі қос міндетті сөйлем деп аталады.

兼语句 қос міндетті сөзді сөйлем

Қос міндетті сөзді сөз тіркесі баяндауыш болып келетін сөйлем қос міндетті сөйлем деп аталады [1, 93].

兼语句的格式：主语+谓语+兼语+（宾语）

Қос міндетті сөйлемнің формасы:

Бастауыш+баяндауыш+қос міндет атқаратын мүше+баяндауыш+(толықтауыш).

Мысалы: 领导//让他去阿斯塔纳。 这个信息//使我很高兴。

你//通知他做个检查。 班长//请大家发表意见。

Қос міндетті сөз тіркесі сөйлем мүшесі болады. Мысалы:

派他去是组织的决定。 这是令人高兴的事。

我请你写一篇文章。 我同意派他去。

Қос міндетті сөйлемнің кейбір сөйлемдерде 1-ші етістік махаббат, жек көрушілік, ұнату, кінәлау, сынау, мазақ ету және т.б білдіреді.

бастауыш	баяндауыш		
	етістік	Қосымша бастауыш	Баяндауыш
老师	称赞	她	做作业认真。
爷爷奶奶	喜欢	她	聪明。
家长	嫌	孩子	不努力。
姑娘	爱	小伙子	态度诚挚。
领导	批评	小王	工作马虎。

“бастауыш₂+баяндауыш₂”жиі етістіктің себебін ашады.

Мысалы:

家长嫌孩子不努力。→

因为孩子不努力，所以家长嫌孩子。

在.....下 конструкциясы:

“在+атау септік айналымы+下”кейде нақты орналасқан жерді көрсетпейді, ал оның орнына нақты зерттардың жағыдайын білдіреді. Мысалы:

在这种情况下，我同意女儿去夏利营。

在孩子的不断要求下，我决定送她去夏利营。

在老师和同学的帮助下，他的汉语水平提高得很快。

在没有家庭作业的情况下，孩子们可以学习他们需要的东西。

要么.....，要么..... конструкциясы:

“要么.....，要么.....” конструкция мағынасы: “не.....немесе.....”. “要么”екі сөйлемнің ең басында келсе, бұл яғни екі балама таңдау бар дегенді білдіреді. Мысалы:

要么我陪他去上电脑辅导班，要么他爸爸带着他去上书法班。

要么你保证做到这几件，要么你就别去了。

要么他去，要么我去，我跟他一定得坐下来谈一谈。

要么把这件衣服买了，要么回家，不能总是在商店里浪费时间。

Бұл түрдегі сөйлемдерде алғашқы етістік көбінесе қаратпа немесе сендіру мағынасында келеді. Мысалы: “称、叫、认为、选” т.б бірінші етістіктің толықтауышынан соң “为、作、当、是” т.б етістіктер қолданылады.

бастауыш	Баяндауыш		
	етістік	Толықтауыш ₁ (бастауыш ₂)	Баяндауыш ₂
大家	称	他	为打工头儿
同学们	都 认为	他	是园艺师
他们	选	我	当组长

“在.....上” конструкция:

“ 在 +есімдік, зат есім+ 上 ”пысықтауыш болғанда ол нақты тұрғылықты жерді білдірмейді, оның орнына “нақты тәсіл немесе бейне” деген мағынаны білдіреді. Мысалы:

大学生在经济上还要靠父母来支持。

同学们在学习上都有很大的进步。

他在工作上是认真负责的。

“既然.....，就.....” коныструкциясы:

“既然.....，就.....”мағынасы: “болғандықтан....., онда.....”. “既然” кейінгі алғашқы сөйлемде себеп көрсетіледі, осы жағыдайдан кейін “就” қортынды шығару үшін қолданылады. Мысалы:

你既然在打工，就给我介绍一下大学生打工的情况吧。

大家既然同意，我就不必再说什么了。

既然大家都想去游览兵马俑，假期我们就组织一次吧。

Етістік “是”-де баяндауышпен бірге сөйлем құрастыруға болады. Каузативті етістікпен білдіріп тұрған. Мұндай сөйлемнің түрі бастауыштан тұрмайды. “是”-мен бірге жүретін, толықтырып отыратын зат есім және бірнеше зат есімдер және де сөйлемде баяндауыштың екінші етістігінің рөлін атқарады. Біз әдетте бұл сөйлем түрін жағыдайды сипаттау немесе түсіндіру үшін қолданамыз. “是” етістігі зат есімнің немесе бірнеше зат есімдердің келесі мағынасын күшейтумен толықтырады.

Мысалы:

бастауыш	Баяндауыш		
	Етістік ₁	Қосымша ₁ (бастауыш ₂)	Баяндауыш ₂
	正好	位 老中医	给他 看 病。
	是	胃 这个零件	坏 了。
	是	风	把这张画 刮下来 了。
	是	他	帮助了我。
	是	我	没 说清楚。
	是		

兼语式的特点 Қос міндетті сөзді сөйлемнің ерекшелігі: қос міндетті сөйлемнің бірінші етістігінің көбі бұйыру, талап ету, ұнату мағынасындағы етістіктер болады. Әдетте, оларға “着，了，过” –лар тіркеспейді. Бұлардың жиі қолданатындары: 使，叫，让，派，选，命令，催，逗，劝，留，要求，动员，阻止，发动，组织，号召，禁止等。

我们选小红当班长。 组织要求大家参加会议。

Қос міндетті сөйлемнің бірінші етістігі мен екінші етістігі себеп-салдарлық байланыста болады. [5:63] Жиі қолданылатын етістіктер: 爱, 笑, 恨, 气, 怨, 埋怨, 骂, 喜欢, 感谢, 担心, 佩服, 害怕, 批评, 厌恶, 嫌, 责备, 指责, 羡慕等. Мысалы:

大家//嫌他不懂礼貌。 老师//表扬他学习好。
我们//喜欢诚实, 能干。 她//埋怨我没给他办成这件事。
我//感谢你给我一次机会。 我//佩服他办事一丝不苟。

Қос міндетті мүшелі сөйлемнің соңында фонетикалық кідіріс болады. Немесе мезгіл пысықтауыш келеді. Мысалы:

我//请你来一趟。 我//请你明天来一趟。 上级领导//派他今年去哈萨克斯坦。

特殊兼语句 Қос міндетті ерекше сөйлем

Кейбір қос міндетті ерекше сөйлемдердің бірінші етістігі“有, 是, 没 немесе 没有,”болып келеді. Мұндай етістіктерде бұйыру мағынасы, екінші етістікпен себеп-салдарлық байланысы болмайды. Сондықтан мұндай қос міндетті сөйлемді қос міндетті ерекше сөйлем деп айтады. [1:25]

Қос міндетті ерекше сөйлем қос міндетті сөйлемдердің анықтамасына сәйкескенімен, бірақ әдеттегі қос міндетті сөйлемдердің ерекшеліктері болмады. Бірінші етістігі "有(没有)" болып келген қос міндетті сөйлем. Мысалы:

桌子上一本杂志是谁的? 他家有一匹马病了。
后来有几个人大笑起来。 有只狼跑过来了, 你看见没有?
有个人心眼特别好。

Мысалдарда: 有 баяндауыш болып, болмысты білдірді, осылай бастауышсыз қос міндетті сөйлем жасалған. 有 сөзінің толықтауышы адамды не затты нақтылы меңземейді, сондықтан 这个, 那个 деген сөзді оған анықтауыш етуге болмайды, тек 一个, 几个, 很多, 一些, 多少. Сияқты сөздерді анықтауыш етуге болады.

Бірінші етістігі тұрақтандыру мағынасындағы “是”болып келген қос міндетті сөйлем. Мұндай қос міндетті сөйлем түгелдей бастауышы жоқ сөйлем болып келеді. “是”-ның рөлі “是”күшейту мағынасында болады. Мысалы:

是我把他气哭了, 是风把门吹开了。
是这篇文章启发了我, 是我改变了主意。
介词短语补语 қосымша айналым немесе толықтауыш көмекші сөз

Көмекші сөз “自”және оның толықтауышы.қосымша айналым құрайды. “自+есімдік зат есім”әдетте жазба сөзде мынадай етістіктен кейін “寄、来、选、出、取”қосымша мүше ретінде қолданылады. Мысалы:

中药大多取自植物、动物和矿物。
他来自中国西北农村。
这封信寄自上海。

“一方面……, 一方面……”конструкциясы

Бұл конструкция “бір жағынан, басқа жағынан”дегенді білдіреді. Екі мағынасы жағынан параллельді сәйкес сөйлемдерді біріктіру үшін қолданылады. Немесе заттардың жағдайын және жағдайдың екі аспектісін білдіреді.

连兼句 Көп етістікті әрі қос міндетті сөзді сөйлем

Көп етістікті сөз тіркесі мен қос міндетті сөзді сөз тіркесі араласып келіп, өте күрделі сөйлем формасын қалыптастырады. Мұндай сөйлем көп етістікті әрі қос міндетті сөйлем деп аталады. [3:150]

1) Қос міндетті сөйлем ішінде тіркемелі етістік келу. Мысалы:
领导让他去阿里-法拉比哈萨克民族大学学习。

领导叫教研室教员留下来开会。 我们请学习优秀来学校作报告。

2) Көп етістікті сөйлем ішіде қос міндетті мүше болады.

我写了一封信让妹妹也来阿拉木图市。 他站起来腾出一把椅子让我坐下。

3) Араласып келу. Мысалы:

写个通知叫大家来办公室开会。 领导叫他打电话请我来这儿商量件事。

Қос етістікті әрі қос міндетті сөзді сөйлем.

Ретімен орналасқан баяндауыш және каузативті етістік арқылы білдірілген баяндауышы бар сөйлем, жиі бір сөйлемде кездеседі. Солайша қарапайым грамматикалық құрылымды пайдалана отырып, күрделі ойды көрсету қиынырақ, кейде казатикалық қатынасты көрсететін құрылым етістікті топтаманың алдында қойылады.

Бастауыш + етістік₁ + толықтауыш₁(бастауыш₂)+ етістік₂ + толықтауыш₂ + етістік₃ + толықтауыш

我妈妈 让 我 到 国营公司 找 个工作。

怎样请 律师 帮助 自己 打 官司。

他 让 丁力波 去 商店 给他买 光盘。

老师 叫 我们 用 中文 写 个故事。

Кейде етістікті топтама алдында жүреді. Мысалы:

Бастауыш + етістік₁ + толықтауыш₁ + етістік₂ + толықтауыш₂(бастауыш₂)+ етістік₃ + толықтауыш

副总 有 急事 让 他 马上回来。

他 没有 钱 请 大家 吃饭。

我 打了 个电话 叫 他 下午来

“即使……，也……” конструкциясы:

“即使……，也……” құрылымы “тіпті егер, айталық” дегенді білдіреді, мұнда “即使” кейін болжаулық жағдай орын алады, алайда аяқталған іс-әрекеттің нәтижесі бұл жағдайда тәуелді емес. Мысалы:

即使明天下雨，我们也要去参加。

即使自己有些想法，也得服从国家分配。

即使有别人帮助，也得靠自己努力。

“不管……，都/也……” конструкциясы:

Салалас-құрмалас сөйлемде “不……” жалғаулығынан кейін сұраулы есімдіктер немесе сұраулы-болымды фразалар қойылады. Бұл жағдайға қарамастан, нәтижесінің өзгермейтінін білдіреді. “都” немесе “也” үстеуі сөйлемнің екінші бөлігінде қолданылады. Бұл құрылым ауыз екі тілде жиі қолданылады. Мысалы:

不管老人怎么看，你都应该努力实现自己的理想。

您不管怎么样也不能再改变主意了。

不管你有什么困难，我都愿意帮助你。

不管你去不去，你都要打电话告诉我。

兼语句和主谓短语作宾语的句子区别

Қос міндетті сөзді сөйлем мен бастауыш – баяндауышты сөз тіркесі толықтауыш болған сөйлемнің айырмашылығы.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде толықтауыш болған сөйлем, қос міндетті сөйлемге форма жақтан өте ұқсас келеді. Бірақ құрылымы жақтан мүлде ұқсамайды. Екі топ мысалды салыстырып көрелік. [4:34]

我请他来。 我看见她来了。

领导派他去了。 领导看见她去了。

同学们选他当班长。 同学们喜欢他当班长。

Бірінші етістігі ұқсас емес

Қос міндетті сөйлемнің бірінші етістігінің бұйыру мағынасы бар. Мысалы: “使，让，请，叫，命令，动员，鼓励，派，率领，拜” қатарлы етістіктер қолданылады.

Бастауыш – баяндауышты сөз тіркесі толықтауыш болған сөйлемнің бірінші етістік баяндауыштың бұйыру мағынасы болмайды. Бұған қолданылатын басты етістіктер мыналар:

“反对，知道，相信，认为，看见，觉得，说，听说”;

Алдыңғы және соңғы етістіктердің байланысы ұқсас емес.

Қос міндетті сөйлемнің алдыңғы және соңғы етістігі көбінесе, себеп-салдарлық байланыста болады, бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесі толықтауыш болған сөйлемнің алдыңғы және соңғы етістігі себеп-салдарлық байланыста болмайды.

Мысалы: 1. 因为“我请他，他才来”； 2. 不是因为“我看见他，他才来”；

Байланысу деңгейі ұқсамайды.

Қос міндетті сөйлем ішіндегі қос міндетті сөз, өзінің алдындағы етістіктен жасалған баяндауышпен өте жақын сәйкесіп, кідіріссіз айтылады, оның арасына пысықтауыш қажет емес. Мысалы: “我请，他来” деуге немесе “我请昨天他来” болмайды. Ал бастауыш-баяндауыш сөз тіркесі толықтауыш болып келген сөйлемде, бүкіл сөйлемнің баяндауыштық етістігі мен бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесінің бастауышы өзінің алдындағы етістіктен жасалған баяндауышпен ұштасып келеді, оқығанда кідіріс жасауға да болады, кітаби тілде үтір немесе қос үтір қоюға болады, арасына пысықтауыш керек. [4:41]

Мысалы: “我看见，他来了， немесе 我看见昨天他来了” деп айтуға да бола береді.

第一个动词谓语所涉及的对象不同. Бірінші баяндауыштың байланысатын объектісі ұқсамайды. 在兼语式中，涉及的只是人或物，在主谓短语作宾语的句子中，涉及的是人，物及其动作等。如：A 组例中“请”的只是“他”，B 组例中“看见”的是“他来了”这一整体. Қос міндетті сөйлемге қатысты болатын нәрсе тек адам не зат болады, бастауыш-баяндауыштық сөз тіркесі толықтауыш болған сөйлемге қатысты болатын нәрсе адам, зат және қимыл әрекет болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис) – Алматы, 2004 197б
2. Қазіргі қытай тілі. Пекин 1992ж. 78б.
3. Иванов А, Поливанов Е «Грамматика современного китайского языка», Москва 1930ж
4. Новый практический курс китайского языка, Пекин 2007ж.

ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИЕРОГЛИФТЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Дүкей Күлай

kulai_0392@mail.ru

Ғылыми жетекші – Елубай А.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан*

Тіл – адамдардың қарым-қатынас жасау құралы. Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асырылады, сөйлеу арқылы ғана дамып, өмір сүреді. Сондай-ақ тіл қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі болып саналады.

Қытай тілі дүниежүзілік әмбебап тілі болып саналатын ағылшын тілінен кейінгі екінші тіл екені баршамызға мәлім. Қазіргі таңда Қытай әлемдік державалардың бірі әрі бірегейі болып саналады. Қытай тілі әлемде үйренуге ең қиын тілдердің қатарына жатқызуға болады, әрине кез-келген тілді үйренудің өзіндік қиындықтары болады. Бірақ осыған қарамастан